



ҚАУЛЫ

2018 жылғы 15 қаңтар

Костанай қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 14

г. Костанай

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының кейбір коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарына байқау кеңесін енгізу және әкімдіктің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 595 «Қостанай облысының кейбір медициналық мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындарын қайта атау туралы» қаулысына толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының мынадай коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарында байқау кеңесі енгізілсін:
Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай облыстық онкологиялық диспансері» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнында;
Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай қаласының № 1 емханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнында;
Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай қаласының № 2 емханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнында;
Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Арқалық өңірлік емханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының;
Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Алтынсарин аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнында;
Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Амангелді аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының;

- Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Жігітқара аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнында;
Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қамысты аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнында;
Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қарабалық аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнында;
Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Меңдіқара аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнында;
Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Сарыкөл аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнында;
Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Гаран аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнында;
Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Ұзынкөл аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнында;
Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Федоров аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнында.

2. Қостанай облысы әкімдігінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 595 «Қостанай облысының кейбір медициналық мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындарын қайта атау туралы» қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

- аталған қаулымен бекітілген мынадай Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарының:
- Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай облыстық онкологиялық диспансері» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының;
Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай қаласының № 1 емханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының;
Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай қаласының № 2 емханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының;
Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Арқалық өңірлік емханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының;
Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Алтынсарин аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының;
Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Амангелді аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының;
Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Жігітқара аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының;
Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қамысты аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының;
Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қарабалық аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының;

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Меңдіқара аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының;

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Сарыкөл аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының;

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Гаран аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының;

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Ұзынкөл аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының;

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Федоров аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жарғыларында;

19-тармақ мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшасымен толықтырылсын:

«10-1) қолданыстағы заңнамаға сәйкес Кәсіпорындағы байқау кеңесі туралы ережені, байқау кеңесін шақыру мен отырыстар өткізу тәртібін бекітеді, байқау кеңесінің құрамына үміткерлерді конкурстық іріктеуді жүргізеді, оның құрамын қалыптастырады және бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 26-1-тармағымен толықтырылсын:

«26-1. Байқау кеңесінің өкілеттігі:

1) Басқару органына Кәсіпорынның даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, Кәсіпорынның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекітеді;

3) демеушілік, қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде Кәсіпорынның иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін Басқару органына ұсыныстар енгізеді;

5) Кәсіпорынның басшысын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша Басқару органының ұсыныстарын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде кәсіпорын қызметкерлерінің, басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларына үстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) байқау кеңесінің хатшысын тағайындайды, оның өкілеттік мерзімін және жалақысының мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) Басқару органына Кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

9) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар тұжырымдайды;

10) Басқару органына Кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді.»;

3. «Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен әділет органдарына жоғарыда көрсетілген жарғыларға енгізілген толықтырулар туралы хабарлауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.



Қостанай облысының әкімі

Мұхамбетов